

**«Келер күн керемет»
Автор - Умберто Тан
Canon фотографы**

Суреттегі ер адамның қолдары кадрдың басым бөлігін алып тұр. Жоғарыға қарай жайылған алақандары объективке бағытталған. Саусақтары кадрдың төменгі жағына қарай созыла түскен, ал екі жаққа қарап тұрған бас бармақтары суреттің екі шетіне бағытталған.

Саусақтарында бірде-бір сақина жоқ, бірақ суреттің оң жағына таман жоғарғы тұсына назар аударсаңыз, жеңнің астынан көрініп тұрған сағаттың қара түсті былғары бауы көзге шалынады.

Әжім торлаған алақан терең сызықтарға, қатпарларға толы, бас бармақтары мен сұқ саусақтарының арасындағы жұқа терісі қабыршақтанып тұр. Ақсақал қолын алдына қойып отыр, өйткені астыңғы жағында ер адамның шалбарының қыры көрініп тұр.

Әрине, қатпарлар, тамыр түйіндері жасы келген адам екенін көрсетіп тұр, дегенмен аса бір әлсіз немесе осал болып көрінбейді. Мықтылығы сондай, ерекше бір күш-жігер сезіледі. Жайылған алақандарының ашықтығы, жайбарақаттығы қария жұмсақ, мейірімді, данагөй екенінен хабар береді.

Бұл – Хенрикус Давеншоту Августус қарияның қолдары. Голландияның Орейссель провинциясындағы Твентеранд муниципалитетінің орталығында орналасқан Врумскооп қаласында суретке түсіргенімде, қария 100 жаста еді.

Менің аты-жөнім – Умберто Тан. Теледидар және радио жүргізушісімін, фотографпын.

Хенрикус қарияның алақандарын Canon EOS 5D Mark IV камерасымен түсірдім. Нидерландыда және туған өлкем Оңтүстік Америкадағы Суринамда 100 жастан асқан 100 адамды суретке түсірдім.

Фотосуреттер сериясы «Келер күн керемет» («Ертең бұдан да жақсы болады») деп, голландиялық әнші Вилли Дербидің 1939 жылы танымал болған әнінің бір жолымен аталады. Осы атауды таңдаған себебім – Хенрикус сияқты адамдармен тілдесе отырып, олардың көпшілігінің 100 жылдан астам өмір сүргеніне қарамастан, керемет оптимистік, позитивті көзқарасын, ертеңгі күннің бүгінгі күннен де керемет боларына сенетінін байқадым. Жаңағы ән сол позитивті жақсы жеткізеді.

Қарияның қолдары – әр қатпарына талай құпия жасырынған қасиетті қазына. Тағдыр қаншама із қалдырса да, тәніміздің басқа мүшелеріне қарағанда, қолдарымыз тұтастығын ұзағырақ сақтайтынына сондай тәнті болдым. Бұл жайт осы фотосуреттер сериясын бастауыма түрткі болды.

Әлгі суреттердегі адамдарды түсіргенде олардың денсаулығы да жақсы, жүйкесі де орнында болды, сөйтіп олармен тілдесуге, әңгімелесуге, кейіпкерлерімді жақынырақ білуіме көп септесті.

Мен үшін қарт адамдар – даналықтың таусылмас қазынасы, өмірде жинаған тәжірибесі арқылы жинақтаған білімнің қайнар көзі. Сол даналықты үйреніп, бойымызға сіңіру, әрі қарай жалғау біз үшін де, келер ұрпақ үшін де аса маңызды. Қазіргі қоғамда қариялардың қадіріне жете алмай жүргенімізді

көпшілік біле бермейді, тіпті байқамайды десек, артық кетпейміз. Бұл мүлдем дұрыс емес.

Мен қарттарды сый-құрметке, ыстық ықыласқа, шексіз сүйіспеншілікке лайық жандар етіп көрсеткім келді. Фотосуреттер арқылы олардың өмірлік тәжірибесі мен даналығын жеткізгім келді. Қариялардың барлығына бірдей мынадай төрт сұрақ қойдым:

Өміріңізде өзіңізді ең бақытты жан ретінде қашан сезінген едіңіз? Өмірде қатты қорыққан сәтіңіз болды ма? Арманыңыз бар ма? Өмірден не үйрендіңіз?

Мұндай бейнелер өз өміріміз туралы ойлауға жетелейді. Дәл осы Хенрикус ақсақал сияқты сау-саламат қарттыққа қалай жетеміз? Олардың ұзақ өмір сүруінің сыры неде? 100 жасқа келгенде, тіпті одан асқан кезде ақыл-ойын да, дене бітімін де сақтай алған адамдардан не үйрене аламыз?

Бұл суреттің және бүкіл серияның мен үшін орны өте айрықша, өйткені менің оларда бейнеленген жандардан үйренгенім мол болды. Сол адамдар мені мейірімді, көңілді болуға, келер күннен тек жақсылық күтуге және қолда барға қанағат етуге үйретті.